

УГЛУБЛЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА В ОБЛАСТИ ТРАНСПОРТА И ИНФРАСТРУКТУРЫ МЕЖДУ AD PORTS GROUP И ЕЭК ПРЕДСТАВЛЯЕТ СОБОЙ ВАЖНЫЙ ШАГ ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА. НАШЕ СОТРУДНИЧЕСТВО ПОСЛУЖИТ ДИНАМИЧНЫМ КАТАЛИЗАТОРОМ РОСТА ВЗАИМООТНОШЕНИЙ СОЮЗА С ОАЭ, ПРИНОСЯ ВЗАИМНУЮ ПОЛЬЗУ.

Арзыбек КОЖОШЕВ,
министр по транспорту и инфраструктуре ЕЭК



№95 (3134)
14/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

КАЗАХСТАН И РОССИЯ УКРЕПЛЯЮТ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Соглашение о развитии межгосударственных стыковых пунктов до 2030 года подписано между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ОАО «Российские железные дороги» в рамках официального визита Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Российскую Федерацию.

Подписи под документом поставили председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов и генеральный директор – председатель правления ОАО «РЖД» Олег Белозеров.

Соглашение предусматривает совместную работу по модернизации приграничной инфраструктуры, повышению пропускной способности железнодорожных переходов с учетом нарастающего грузопотока. Стороны планируют анализировать пропускные способности межгосударственных стыковых пунктов, обмениваться данными о номенклатурах и объемах перевозимых через них грузов, а также чаще осуществлять перевозку по

безбумажной технологии и развивать электронное взаимодействие.

В октябре 2025 года доля перевозок по электронным юридически значимым накладным достигла 84%, к 2026 году показатель планируется довести до 90%.

Ожидается, что реализация соглашения позволит увеличить обмен грузовыми поездами между Россией и Казахстаном с текущих 70 до 85 пар поездов.

Стоит отметить, что граница между Республикой Казахстан и Российской Федерацией является самой протяженной сухопутной границей в мире. Ее длина составляет 7 598,8 километра. За годы независимости через девять



межгосударственных пунктов пропуска между двумя странами перевезено более трех миллиардов тонн грузов.

По итогам 10 месяцев 2025 года объем перевозок между Казахстаном и Россией составил 71,6 миллиона тонн, что на 5% выше показателя прошлого года.

Стороны реализуют совместные проекты по развитию железнодорожной инфраструктуры. В этом году завершено строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты, что значительно повысило пропускную способность восточного направления.

Любовь РОББА

ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА АШЫЛДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалына қарасты Электрлендіру және энергетика департаментінің қолдауымен ALT UNIVERSITY базасында байланыс желісі мен электр беру желілерінің заманауи оқу-практикалық зертханасы ашылды.

Зертхана «Электр энергетикасы» бағдарламасының студенттеріне арналып және теміржол көлігін электрмен жабдықтау шаруашылығының болашақ инженерлері мен мамандарын даярлауға бағытталып отыр. Ол темір жолдарды электрлендірудің заманауи технологияларын практикалық игеруді қамтамасыз етеді әрі білім берудің өндіріс процесімен байланысын нығайтады.

Зертхананың орталық элементі КС-160 типті кішірейтілген байланыс аспасы болып отыр, бірақ ол Қазақстан темір жолдарында қолданылатын нақты аспаның толық функционалды көшірмесі екен.

Зертхананың құрамына түйіспелі аспаны бекітуге арналған элементтері мен арматурасы бар оқу стенді, бірнеше секцияларға бөлінген қатты көлденең қимадағы станциялық түйіспелі аспа және қашықтан басқарылатын түйіспелі желі ажыратқышының моторлы жетегі кіреді. Зертхана студенттерге практикалық дағдыларды дамытуға және теміржол инфрақұрылымының нақты жұмыс жағдайларына барынша жақын, сала үшін білікті кадрлар даярлауға мүмкіндік береді.

Ислам ТАЛІФАТ

ПУТЕШЕСТВИЕ КАЖДЫЙ ДЕНЬ



С 14 декабря АО «Пассажирские перевозки» устанавливает ежедневное курсирование международного поезда «Тальго» по маршруту Алматы – Ташкент. Новый график позволит перевозить свыше 400 пассажиров в сутки и делает сообщение между двумя странами более доступным и удобным.

На маршруте будут использоваться современные составы «Тальго» с повышенным уровнем комфорта. Ежедневное движение обеспечит стабильное расписание и создаст дополнительные возможности для пассажиров, планирующих деловые и туристические поездки.

Решение о переходе на постоянное курсирование направлено на укрепление транспортной связанности Казахстана и Узбекистана, развитие туризма, а также расширение культурных и экономических связей.

К зимнему сезону перевозчик готовит и дополнительные изменения в расписании поездов на других направлениях, чтобы повысить эффективность движения в период пиковых перевозок.

Билеты на поезд доступны на сайте bilet.railways.kz и в кассах вокзалов. Актуальную информацию о расписании можно узнать по телефону 1433 или на онлайн-табло table-railways.kz.

Руслан РАХМЕТОВ

Медиа-кездесу

ІРІ ЖОБАЛАР – ИГІ ІСТЕР БАСТАУЫ

«Burabay Express» электр пойызында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Марат Есқалиевпен өткен медиа-кездесу барысында ҚТЖ-ның инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру және вокзалдарды жаңғырту жөніндегі бағдарлама мәселелері талқыланды.

Сүлгүл БАКЕСОВА,
Астана



Спикер 2020 жылға қарай магистральдық желінің тозуы 57%-ға жеткенін, ал вокзалдар мен инфрақұрылым нысандары қанағаттанарлықсыз жағдайда болғанын атап өтті. Бүгінде ҚТЖ елеулі ресурстарды жаңа темір жолдарды қалпына келтіруге, жаңғыртуға және салуға бағыттап отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2029 жылға дейінгі магистральдық теміржол желісін дамыту жөніндегі бағдарлама іске асырылуда, ол 5 мың шақырым темір жол салу мен жаңғыртуды, сондай-ақ 11 мың шақырым қолданыстағы желілерді жөндеуді көздейді. Жұмыстар кесте бойынша жүргізілуде.

– Тауелсіздік жылдары 2024 жылға дейін елімізде 2,5 мың шақырымға жуық жаңа темір жол салынды. Ал алдағы үш-төрт жылда одан екі есе көп салу және жаңғырту жоспарланып отыр, – деп атап өтті Марат Есқалиев.

Ең ірі жобалардың бірі саналатын ұзындығы 836 км Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдардың құрылысына қатысты жұмыстар нормативтік мерзімнен екі жыл бұрын аяқталып, 30 қыркүйекте Достықтан Мойынтыға дейінгі екінші жолдағы жұмыс қозғалысы ресми түрде іске қосылған болатын.

Жоба аясында 380-нен астам инженерлік құрылыс, соның ішінде

92 көпір, 261 су өткізу құбыры, 28 автожол өтпесі және басқа да нысандар салынды. Жобаны іске асыру учаскенің өткізу қабілетін бес есеге ұлғайтуға мүмкіндік беріп, ҚХР-дан және кері қарай жүк транзиті үшін қосымша мүмкіндіктер аша түспек. Пайдалануға берілген алғашқы айда жаңа жол бойынша 647 жүк және 235 контейнерлік пойыз өтті. Жоба Қытай – Еуропа бағытындағы Қазақстанның рөлін күшейте отырып, Трансқазақстан теміржол дәлізін қалыптастырудың бірінші буыны болды.

Биылғы жылдың соңына дейін Жетіген – Қазыбек бек жаңа айналма теміржол желісінде жұмыс қозғалысын іске қосу жоспарланған, ол Алматы теміржол торабының жүктемесін 40%-ға жеңілдетуге және жүктерді жеткізу уақытын 24 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Құрылысқа отандық кәсіпорын-

дар мен мердігерлік ұйымдар тартылған.

Түркістан облысында Дарбаза – Мақтаарал желісінді құрылысы жалғасуда, ол онтүстік аудандардың Қазақстанның негізгі желісімен тікелей теміржол қатынасын қамтамасыз етумен қатар Ресей мен Қытайдан Орталық Азия елдеріне транзиттік ағындарды қайта бөлуге, сондай-ақ Сарыағаш станциясының жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік бермек. Жоба құрылыс кезеңінде 3 400 уақытша, ал 2026 жылы пайдалануға берілгеннен кейін 500 тұрақты жұмыс орнын құрады деп күтілуде.

Марат Есқалиев сондай-ақ Қытаймен үшінші теміржол өткелін ашатын ұзындығы 300 шақырымға таяу Бақты – Аялғөз теміржол желісінді құрылысы басталғанын және ол 2027 жылы аяқталатынын атап өтті. Бұл жобаның іске асырылуы Қазақстан-

ның көлік жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жүктерді жеткізу қашықтығын солтүстік өңірлер мен Ресейге дейін 320 шақырымға қысқартпақ және облыстың дамуына қосымша серпін береді. Пайдалануға берілгеннен кейін 1200 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Ал 323 шақырымдық Мойынты – Қызылжар теміржол желісінді құрылысы осы жылдың мамыр айында басталды. Жоба маршруттың ұзақтығын 149 шақырымға қысқартуға, Мойынты – Жарық учаскесінің теміржол вокзалдарын және 30 жүйе пойызға дейін қайта бағдарлауға мүмкіндік береді. Оны іске асыру Қарағанды және Ұлытау облыстары экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді.

Медиа-кездесу барысында кеше ғана Үкімет отырысында күн тәртібіне шығарылған теміржол вокзалдарын қайта жаңарту мәселесі де сөз болды. ҚТЖ бүкіл ел бойынша 124 вокзалды қайта жаңартудың ауқымды бағдарламасын іске асырып жатқаны белгілі. Көлік вице-министрі биыл 80-нен астам вокзал пайдалануға берілетінін айтты. Премьер-министр Олжас Бектенов кейбір әкімдіктердің құрылыс барысына бақылауды босаңсытып отырғанын сығана алып, сапа талаптарын сақтай отырып, белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БЕЗОПАСНОСТЬ НАЧИНАЕТСЯ С КАЖДОГО

С 12 по 14 ноября в столице впервые проходит трехдневный конкурс работников АО «НК «ҚТЖ» по операционной безопасности – «Лучшие практики по безопасности движения поездов». В нем участвуют 12 команд из всех регионов страны.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В первый день участники представили инновационные идеи и технические решения, направленные на повышение уровня безопасности движения.

Во второй день они прошли обучение по теме «Культура безопасности движения – наш фундамент» и практические занятия – деловая игра «Связка» и групповая работа «Пять шагов для достижения цели».

Заключительный день конкурса, 14 ноября, включает разбор реальных кейсов, интеллектуальную игру «Знатоки безопасности», подведение итогов и награждение победителей.

– Цель конкурса – не только выявить лучшие практики, но и создать площадку для обмена опытом, укрепления корпоративной культуры и формирования осознанного отношения к безопасности, – подчеркнула HR-бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Алма Саулебаева. – Безопас-



ность движения – это основа всей нашей работы, и важно, чтобы каждый железнодорожник чувствовал свою личную ответственность за нее.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Данияр НҰРҚАСЫМОВ,
– «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС –
Алтынкөл станциясы
филиалының директоры:

«АЛТЫНКӨЛ» МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ШЕКАРАЛЫҚ ӨТКЕЛДЕ ТЖҰ ЖҰК ЭКСПОРТЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛДЫ. БҰЛ – БҮКІЛ ҰЖЫМНЫҢ ОРТАҚ ТАБЫСЫ. ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, САУАТТЫ БАСҚАРУ, ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ОСЫНДАЙ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

АО «НК «ҚТЖ» ПРИВЛЕКЛО

1,6 млрд

ДОЛЛАРОВ ДЛЯ
ОБНОВЛЕНИЯ
ЛОКОМОТИВНОГО ПАРКА.

С НАЧАЛА ГОДА НА
ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ
ПРОВЕДЕНО СВЫШЕ

2 тыс.

ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ
МЕРОПРИЯТИЙ.

ПО ИТОГАМ ЯНВАРЯ –
ОКТАБРЯ 2025 ГОДА
ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК
МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И
РОССИЕЙ СОСТАВИЛ

71,6 млн тонн

ГРУЗОВ.

ПЕРСОНАЛДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА

 **Бекзат ОРАЛ,**
Астана

 **СЕМИНАР**

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ инженерлік-техникалық персоналдың біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

Павлодар, Орал және Тараз қалаларында жылу техникасы бойынша инженерлер мен машинист-нұсқаушыларға арналған энергия тиімділігі және цифрлық басқару жүйелері бойынша семинар өтті. «Пойыздар тартымына отын-энергетикалық ресурстардың шығынын нормалау және ақпараттық жүйелермен жұмыс тақырыбын қаузаған семинар отын-энергетикалық ресурстардың шығынын нормалаумен, есепке алумен және бақылаумен айналысатын мамандардың кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Семинар озық тәжірибе алмасуға, құзыреттілікті нығайтуға және ресурстарды үнемдеу жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етті.

«Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі теміржол көлігінде электр энергиясы мен дизель отынын тұтынуды есепке алу, бақылау және талдау процестерін кешенді автоматтандыруды және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді.

Автоматтандырылған жүйе «Машинистің бағдарын біріктірілген өңдеу» (АС ТБСЖ) талдамалық және статистикалық есептердің кең спектрін – web-интерфейс арқылы қолжетімді 145-тен астам нысанды қалыптастырады. Жүйе локомотивтердің жүктелу дәрежесін, жұмыс түрлері бойынша электр энергиясы мен отын шығынын жедел талдауға мүмкіндік береді, бұл ресурстарды ұтымды пайдалануға ықпал етеді.

УЛЫ ЗАТТАРДАН САҚТАНДЫРДЫ

 **Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

 **ОҚУ-ЖАТТЫҒУ**

Атырау станциясында «Азаматтық қорғаныс қызметтерінің теміржол учаскесінде қатты әсер ететін улы заттардың төгілуі кезіндегі іс-қимылы» тақырыбында оқу-жаттығу өтті.



Түскі 15.00-де Атырау станциясының №16 сұрыптау жолында пойыз құрастырушы пойыздарды сұрыптау кезінде бір вагоннан сары-жасыл түсті сұйықтың ағып тұрғанын байқайды. Шамамен минутына 30 тамшыдай тамып тұр екен. Осыны бақылап тұрған пойыз құрастырушы әлсіреп, есінен танып бара жатқанын сезіп, жалма-жан станция кезекшісіне хабарлап үлгереді. Кезекші белгіленген кестеге сәйкес жедел байланыс құралы арқылы аймақтық пойыздарды басқару орталығы «РЦУП-Ақтөбе» кезекшісіне, Ақтөбе қаласындағы пойыз диспетчеріне, қалалық өрт сөндіру қызметі 101 нөміріне, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің Атырау орталықтандырылған өрттік байланыс пунктіннің диспетчеріне және Ақайық өрт сөндіру пойызына, сонымен қатар желілік полиция, СЭС, ӘТЖК, ТЖМ және экология департаменттеріне хабарлайды.

Әскерилендірілген күзет мамандары оқиға болған жерді қоршап, жедел жеткен апатты-құтқару отряды мамандары есінен танып жатқан пойыз құрастырушыны алып шығып, жедел жәрдем қызметкерлеріне табыстайды. Осы кезде тепловоздан дизельді насостың бұзылуы себепті өрт шығып жатқаны байқалады. Машинист тепловозды құрамнан өзі ажыратып, артқа жылжытып оқшау жерге алып кетеді. Өрт сөндіру гидранты 700 метр қашықта болғандықтан шұғыл жеткен өрт сөндіру пойызы пайдаланылып, өртеніп жатқан тепловоз тез сөндіріледі. Апатты-құтқару отряды сұйықтық аққан вагонды арнайы құралдармен бітеп, ағуын тоқтатады. Оқиға болған жерге радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау қызметінің мамандары келіп, арнайы аппаратпен ауаның қаншалықты ластанғанын тексереді. Бірақ тұрғындарға қауіп жоқ болып шықты, лас ауа біртіндеп сейілген.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженері Нұрлан Сұлтанғалиевтің айтуынша, бұл – жылына екі рет болатын жоспарлы өрт сөндіру оқу-жаттығуы.

Оқу-жаттығуға әртүрлі құрылымдардан барлығы 50 адам, 1 пойыз және 7 техника жұмылдырылды.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының «Нұрлы жол» вокзал кешені 2025 жылғы қарашаның 26-сында бірыңғай оператор үшін «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Барлық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) тәртібі» бөлімінің «Инфрақұрылым» тармақшасында көрсетілген.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972-75-13».

БАЙЛАНЫСТЫҢ СЕНІМДІ КЕПІЛІ



АЙМАҚ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Темір жол бойындағы қауіпсіздік пен үздіксіз байланыс – теміржолшылардың ең басты міндеттерінің бірі. Осы бағытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясы жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. 375 адам еңбек ететін ұжым белгі беру және байланыс шаруашылығының негізгі желілік өндірістік жұмысын атқарып, пойыздардың қауіпсіз әрі үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етумен қатар, теміржол көлігінің ақпараттық-есептеу қызметтері мен телекоммуникациялық құралдарға деген қажеттілігін тиянақтап отыр.

Дистанция бастығы Нұрболат Төпештің айтуынша, 2025 жылдың он айында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылған. Быыл мысалы дистанция қызметкерлерінің күшімен Қауылжыр, Ұлпан және Шоқысу станцияларында СОБ жүйесінің 36 дана станциялық аккумуляторы жаңартылған.

– Биыл дистанцияда Бершүгір мен Тоғыз станцияларында АСТ/2.130 типті стационарлық антенналар орнатылды. Сонымен

қатар байланыс магистральдық кабелі бойынша 181 дана қорғасын муфта полиэтиленді муфталармен ауыстырылды. Шалқар – Тассай учаскесінде «ТЕТРА» стандарты бойынша радиобайланыс аппаратурасының 24 аккумулятор жиынтығы жаңартылды. Сол учаскеде оперативтік-технологиялық байланыс (МХ-1000) аппаратурасына 124 аккумулятор жиынтығы ауыстырылды. Бұл жұмыс сапасын жақсарту түсетіні сөзсіз.

Қауылжыр – Қайыр және Шалқар – Үшқұрай аралығындағы СОБ және байланыс құрылғылары сапа эталонына сәйкестендірілді. Бұл дегеніміз – белгі беру, орталықтандыру және блокировка жүйелері мен байланыс құрылғылары белгіленген техникалық стандарттар мен сапа талаптарына сәйкестендірілді деген сөз. Яғни пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын бұл құрылғылар қайта тексеріліп, қажетті жағдайда жаңартылып, заманауи талаптарға сай келетін деңгейге келтірілді, – дейді дистанция бастығы.

Сонымен қатар қызметкерлердің жұмыс жасауына ынғай жасау және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында Шалқар станциясындағы байланысшылар үйі мен ОКІП ғимаратына ағымдағы жөндеу жұ-



мыстары жүргізілген. Алабас және Қырғыз станцияларында қуаты 8 кВт болатын екі дизель-генератор агрегаты орнатылып, іске қосылған. Жем станциясындағы төрт ғимаратта газдандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Қазіргі уақытта Шалқар – Бейнеу учаскесінде жүк тасымалының артуына байланысты автоблокировка жүйесін жаңғырту жұмыстары басталыпты.

Міне, осындай нәтижелі де сапалы жұмыстары үшін Шалқар сигнализация және байланыс дистанциясы «Үздік белгі беру және байланыс дистанциясы» атанып, ауыспалы ту алды.

– Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында біздің бірқатар теміржолшылар марапатталып, олардың кәсіби шеберлігі мен адал қызметі жоғары бағаланды. Бұл – қарапайым жұмысшыларға деген құрметтің белгісі, – дейді дистанция басшысы.

Суретті түсірген автор

Инфрақұрылым

МАНКЕНТ ВОКЗАЛЫ ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ ЕНЕДІ

Манкенттегі теміржол вокзалында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Құрылысқа байланысты іргелес орналасқан Манкент станциясының бір бөлігі билет кассирлеріне уақытша қызмет көрсетуге беріліп, жолаушыларға барынша қолайлы жағдай жасалған.

 **Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Шымкент

Бірінші қабатта орналасқан 40 шаршы метрлік кеңседе билет сату мен анықтама қызметі және күту залы да қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Жұмыс уақыты таңғы 9:00 мен кешкі 18:00 аралығы болғанымен, мұнда келушілер үшін ішкі және сыртқы сатылым терезелері де ұйымдастырылған. Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы арба жолы да орнатылған.

– Станция ауласында касса орналасқан бағытты көрсететін көрнекі белгілер қойылып, жолаушылардың қозғалысын жеңілдетуге баса назар аударылды. Бұл енді уақытша болса да азаматтар үшін қолайсыз жағдайлар туындатпау үшін іске асырылды, – дейді станция бастығы Қуаныш Табеєв.

Әрине бұл күндері дәстүрлі билет сату кассасымен қатар, интернет заманы дамып, қолжетімділік мүмкіндігі кеңейген кезек болып тұрғаны сөзсіз. Сондықтан көпшілік билетті интернет арқылы сатып алғанды

жөн көрсе, кассадан билет алатындар да жоқ емес. Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің вокзал шаруашылығы мамандары осы жайтты ескере келе Манкент елді мекенінде күндізгі уақытта кассаны ашық ұстауға ұйғарым жасапты. Себебі Манкент үлкен станция санатына жатпағанымен, мұнда тәулігіне 22 жолаушылар пойызы аялдайды. Олардың тоқтау уақыты 2-3 минутты ғана құрағанымен, жергілікті тұрғындар мен емдеу-сауықтыру кешеніне келушілер пойызға мініп-түсіп үлгереді.

Қазіргі таңда вокзал ғимаратының іргетасын нығайту жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 230 метр болатын фун-



ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты 5 вокзалда қазір құрылыс жұмыстары қарқын алған. Мамандардың сөзіне сүйенсек, барлық нысандағы орындалған жұмыс көлемі 25-30 пайызды құрайды.

 **Ардақ УСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Республика бойынша вокзалдарды ауқымды қайта құру жобасына Жамбыл облысы бойынша енгізілген бұл бес нысанға тоқталсақ, Түркісіб вокзалы жаңадан салынса, Тараз және Шу вокзалдары толықтай қайта жаңғыртылуда. Борандыда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, Сарышағанда тек вокзалдың платформалары ғана жаңартылды.

– Бес мердігер компаниямен келісім-шарт жасалды. Құрылысқа қатысты барлық жобалау жұмыстарынан материалдарды, бүгінге дейін жүргізілген жұмыстардың ауқымына қарай барлық вокзалдағы мердігерлер 30 пайыз қаржысын алды, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Азизхан Қалыбаев.

Вокзалдарды ауқымды қайта құру жобасына негізінен үш тарап – Көлік министрлігі, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және жергілікті әкімдіктер жауапты. Тапсырыс беруші – ұлттық компания болғанымен, жобалау жұмыстарын жүргізу, мердігерлерді

анықтау – әкімдіктердің құзырында.

Азизхан Қалыбаев қазіргі уақытта жүргізілген жұмыстардың ауқымы бойынша Шу вокзалы алда тұрғанын жеткізді. Өйткені күрделі жөндеуден өткізу мәселесі көп жылдан бері көтеріліп келе жатқан Шу вокзалының сметалық жобасы алдын ала әзірленіп, мемлекеттік экспертизадан өтіп қойған екен. Тек қаржыландыруды күтіп отырған.

– Шу вокзалының ғимараты үш блоктан тұрады. Батыс және шығыс қанаттарында жөндеу жұмыстары басталғанда күту залдары және кассалар, әкімшілік кабинеттер орталық бөлікке көшірілді. Қазір олар түгелдей құрылысы аяқталған блокқа ауыстырылып, ортаңғы блокқа құрылыс жұмыстары жалғастырылуда. Бұл жұмыс процесіне кедергі келтірмей, уақытты ұтымды пайдалануға мүмкіндік берді. Ал қалған нысандарда қызметкерлерге уақытша контейнерлер орнатылып, күту залдары жылы, жарық, жайлы орындарға көшірілді. Оның бәрі мердігерлер тарапынан атқарылуда. Сондықтан жолаушылар пойыздарының қозғалысына еш кедергі келіп жатқан жоқ, – деп түсіндірді Азизхан Туғанбайұлы.

Айтпақшы, толықтай қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Шу және Тараз вокзалдарында жолаушылар алдағы уақытта бірқатар жаңалыққа куә болады. Атап айтсақ, қос вокзалда да бұрын болмаған екінші қабатқа көтерілетін эскалатор қойылады. Шуда лифт,

дамент құйылып, 140 текше метр бетон пайдаланылған. Сонымен қатар ғимарат жанынан 60 шаршы метрлік қосымша құрылыс салынуда. Онда күзет қызметі мен құқық қорғау органдары өкілдеріне арналған кабинеттер орналаспақ.

– Қазір шатырды толық жаңалап жатырмыз. Терезелердің биіктігі 3,5 метрге дейін көтеріліп, готикалық үлгіде қайта жасалуда. Барлық жұмыс жоспарға сай жүрсе, ай соңына дейін шатыр жабылып, ішкі әрлеу жұмыстарына кірісеміз. Ал жыл соңына дейін ғимаратты толық пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз, – дейді мердігер компания «Kanfar Building» ЖШС жүргізіп жатқан құрылыс алаңындағы учаске бастығы Имантай Дулат.

Салаға жауапты мамандардың айтуынша, Түлкібас вокзалында да тап осындай қызу құрылыс. Екі нысанның да жоспарға сай жөнделіп шығуына жауапты компания өкілдері қолға алған істің ойдағыдай іске асатынына уәде беріп отыр.

Суретті түсірген автор



мүмкіндігі шектеулі жандардың қолайлы жүріп-тұруына арналған арнайы жүйелер іске қосылса, Тараздағы күту залдарының аумағы жалпы 630 квадратқа кеңейетін көрінеді.

Ал ғимараты толықтай сүріліп тасталған Түркісіб вокзалының құрылысы қашан басталады деген сауалымызға Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі құрылыс бөлімінің бастығы Сұлтан Ниязов жауап берді.

– Қазір вокзалдың іргетасы құйылып, бағаналары көтерілген. Вокзал құрылысы біткен соң, перрондар жаңартылып, жаңадан жаяу жүргіншілерге арналған көпір салынады. Айналасы түгел абаттандырылады. Ал әзірге күту залдары жақын маңдағы кафеге көшірілді. Борандыда вокзал ғимараты, перроны күрделі жөндеуден өткізіліп, жаяу көпір өткелі жаңарады, – деді Сұлтан Абайұлы.

Құрылыс нысандарының бәрінде еңбек қауіпсіздігі басты назарда, өрт, техникалық қауіпсіздік толық қамтамасыз етілген. Азизхан Қалыбаев бүгінге дейін жолаушылар тарапынан арнайы сайтқа, басшыларға арыз-шағым түспегенін айтты.

Суретті түсірген автор

МАГИСТРАЛЬ ВОЗМОЖНОСТЕЙ



АКТУАЛЬНО



Елена КОЛДАСБАЕВА, Актогай

Новая техника уже прошла первые испытания и зарекомендовала себя с положительной стороны. Теперь они обслуживают двухпутный участок

12 современных локомотивов ТЭ36А китайского производства поступили в Актогайское эксплуатационное локомотивное депо.

платационного локомотивного депо Адлет Кантарбаев.

В зону обслуживания депо входят погранпереход Достык – Алашанькоу и перегоны Достык – Бесколь – Актогай – Саяк общей протяженностью более 510 километров. В состав основного депо входят два оборотных депо ТД-29 Бесколь и ТД-8 Достык. Основной парк состоит из магистральных тепловозов серии ТЭ3ЗА «Evolution» и маневровых серии СКД6Е. С новыми ТЭ36А парк насчитывает 65 локомотивов.

По словам специалистов депо, новые локомотивы повышают эффективность перевозок, улучшают условия труда бригад и снижают эксплуатационные затраты.


В связи со строительством вторых путей и пополнением парка увеличивается и штат. Сейчас тепловозы обслуживают около 800 локомотивных бригад, почти 75% из которых – молодые, хорошо подготовленные машинисты.

В данный момент по депо 27 локомотивных бригад учатся на курсах, после чего они станут машинистами, а на свободные места наберут помощников.

На этом направлении уже второй год курсируют длинносоставные поезда из 108 и более вагонов, которые идут без скрещений. В ближайшее время планируется запуск двухъярусных контейнерных поездов: в октябре специалисты проверили мосты на проходимость «двухэтажек». Руководство депо отмечает экономический эффект и перспективы обновления. Машинисты-инструкторы со стажем более 20 лет готовы к новым технологиям, ведь каждый локомотив и каждый рейс – это вклад в общее развитие страны.

Фото автора

БЕРЕЧЬ СЕБЯ И СВОИХ КОЛЛЕГ



ЗАСЕДАНИЕ

Айлин БАУРЖАН, Астана

Заседание открыл председатель филиала «Астана» ОО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев. Он ознакомил всех участников с обращением от председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Талгата Алдыбергенова, подчеркнув, основной лейтмотив – призыв беречь себя и своих коллег, работать профессионально и безопасно. Отдельное внимание участники уделили теме безопасности труда. Главный технический инспектор



профсоюза Кайрат Муканов рассказал о внедрении новой концепции безопасного труда до 2030 года, в рамках которой традиционная аттестация рабо-

чих мест будет заменена системой оценки профессиональных рисков. По его словам, подход основан на международном опыте России, Беларуси и европейских


стран и направлен на повышение реальной безопасности на рабочих местах.

В формате «вопрос-ответ» обсудили своевременность обеспечения работников спецодеждой, соответствие стандартам, необходимость систематизировать поставки и исключить случаи, когда они поступают в конце года.

По завершении заседания главный менеджер технического центра АО «НК «ҚТЖ» Елена Некрашевич была отмечена медалью «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су қызметкерлерінің қасиби одағына 120 жыл», с вручением благодарственного письма за многолетнюю и добросовестную работу на железнодорожном транспорте, активное участие в общественной жизни компании и личный вклад в развитие профсоюзного движения.

Фото Александра ЖАБЧУКА

УСКОРЕНИЕ ТЕМПОВ МОДЕРНИЗАЦИИ



ИНФРАСТРУКТУРА

Милена КАИРОВА, Жетыген – Алтынколь

